

Ү.І.Көпжасарова, В.А.Оспанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Шетел тілдерін оқытуда жобалар әдісін қолдану арқылы студенттердің шығармашылығын дамыту

Мақалада студенттердің интеллектуалды шығармашылық даму мәселесі, олардың өмірдің өзгермелі шарттарына бейімделуі және шетел тілі бойынша оқу үрдісінде жобалар әдісін қолдану арқылы сыни ойлау ептілігі қарастырылған. Жалпы алғандағы жобалық технологияның мәніне және жеке алғанда шетел тілдерін оқыту аясында оның қолданылуының ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалған.

Кілтті сөздер: жоба, әдіс, ғылым, шет тілдер, тұлға, сыни ойлау, субъект, оқу-әдістемелік іс-әрекет, үрдіс, қоғам.

Қоғамның және ғылыми-білім беру сферасының «адамдық факторға» қайта бағдарлануына және білім берудегі гуманистік парадигмаға көшуіне байланысты басты құндылық болып өмірдің өзгермелі шарттарына бейімделе алатын еркін, білімді және ұтқыр тұлға саналады. Осыған байланысты қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында жас ұрпақтың интеллектуалды және рухани-адамгершілік дамуына және әр білім алушының өз бетімен білім алу, тәрбиелену, өздігімен дамуындағы қажеттіліктердің тәрбиесіне арналған шарттармен байланысты міндеттер тұр.

Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың бәсекелесу қабілеті бірінші кезекте оның білім деңгейімен анықталады» [1], — деп көрсеткен, сонымен қатар «халықаралық білім беру стандартының қамтамасыз етілуіне бағытталған және еңбек нарығының келешегі мен серпініне сәйкес келетін кәсіби қайта дайындық» [2] мемлекеттік саясатының жүргізілуінің қажеттілігі туралы ойды қозғайды.

Оқудағы жеке бағытталған амал дәстүрлі, негізделген, ең бастысы, дайын білімді игеру мен жаңғыртуға балама ретінде пайда болды. Қоғамның қазіргі замандағы кезеңінде болып жатқан, бүгінгі күннің талаптарын ескеретін білім берудегі эволюциялық үрдіс сыныптық-оқу жүйесінде бастапқы мақсат әр білім алушының бар мүмкіншіліктері мен дамуының жеке ерекшеліктерін қосып алғанда білімді пассивті түрде игеруден өздігінен, белсенді, танымдық іс-әрекетке көшуін білдіреді. Бұл іс-әрекет әрқашан сабақ жүйесіне жатқызыла бермейді.

Ф.С.Шлехтидің пайымдауынша [3], мектептің (жоғарғы оқу орнының) бағдарлаларының негізгі курсы сәтті меңгеретін білім алушылар өздерінің білімдерін таныс жағдайларда қолдануды үйренеді, дипломдарын алады, бірақ ақпаратпен өздігімен жұмыс істей алмайды, ХХІ ғасырдың ақпараттық қоғамындағы жетістікке сене алмайды.

Болашақ мыңжылдықта өндірістен кейінгі қоғамда өмір сүретін және еңбек ететін қазіргі заманғы мектеп пен жоғарғы оқу орнының түлектері тұлғаның мынадай сапаларына ие болу керек:

- өздігімен қажетті білімді ала отырып, ол білімді әр түрлі мәселелерді шешу үшін тәжірибеде қолданып, өмір бойы өз орнын таба алу мүмкіндігін иелену үшін өзгермелі өмірлік жағдайларға икемді болу;
- өздігімен сыни ойлау, шыни әлемде болатын қиындықтарды көре алу және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыру; алынған білім қоршаған ақиқатта қайда және қалай қолданылуы мүмкін екендігін нақты жете түсіну; жаңа идеяларды туындатуға қабілетті болу, шығармашылық түрде ойлау;
- ақпаратпен сауатты жұмыс жасай алу: талдау жасай алу, мәселені шешудің болжамын алға жылжыту, қажетті жалпылаулар жасау, қарастырудың ұқсас және баламалы нұсқаларымен салыстыру, дәлелді қорытындылар жасау және олардың негізінде жаңа мәселелерді анықтау және шешу;
- әр түрлі әлеуметтік топтарда жанасқыш, түйіспелі болу, қақтығыс жағдайлардың алдын ала отырып және олардан шеберлікпен шыға отырып, әр түрлі салада бірлесе жұмыс жасай алу;
- өзінің адамгершілік, ақыл-ой, мәдени деңгейі бойынша өздігімен еңбек ету;
- өзін-өзі жетілдіру және рефлексивті өзін-өзі бағалау үшін ішкі қажеттіліктер мен қабілеттіліктерге ие болу [4].

Айтылып көрсетілгендей, жеке бағытталған білім берудің маңызды категориясы болып өз іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқушы тұлғасы жатады.

Субъектілік былайша анықталады: «Тұлғаның өздігінен, тәуелсіз бастауға, басқаруға, іс-әрекет үрдісінде іс-әрекеттің бағасына және тұлғаның жеке дара анықталуына деген қабілеттілік» [5, 6].

Жеке бағытталған білім беру концепциясының аясында оқу-танымдық іс-әрекеті тұлғалық білім нәтижесінің жасалуына бағытталған және шығармашылық танымдық іс-әрекеттің нақты технологияларына негізделген, сонымен қатар тұлғаның осы әрекетті белсенді және саналы басқару, оның үрдісі мен қорытындысы үшін жауапкершілікті ала отырып, тәжірибе жинай келе, өз іс-әрекетін қадағалау, конструктивті және шығармашылық түрде білім беру ортасымен және осы іс-әрекеттің субъекттерімен өзара қатынаста болу.

Жаңашыл педагогикалық технологиялардың көп түрлілігі ішінде халықаралық білім беру жүйесінде кең тараған, сонымен қатар жеке білім берудің принциптері мен мазмұнына сәйкес келетін жобалар әдісі ерекше қызығушылықты танытады. Оның ерекшелігі болып оқу-танымдық үрдісінің субъектілерінің шығармашылық, дербес іс-әрекетінің жетілуі, сонымен қатар төмендегідей талаптарда көрсетілген әлеуметтік факторлардың есебі табылады:

- білім алушыларға білімнің тек қана мына немесе өзге жиынтығын беру қажеттілігі емес, оларды осы білімді өздігімен алуға үйрету және алынған білімді жаңа танымдық және тәжірибелік міндеттерді шешу үшін қолдану;
- білім алушылардың коммуникативтік дағдыларының жетілуінің маңыздылығы, олардың түрлі әлеуметтік рольдерді орындай келе әр түрлі топтарда жұмыс істей алуы;
- кең ауқымды адамдық қатынастардың көкейкестігі, әр түрлі мәдениеттермен және бір мәселе төңірегіндегі әр түрлі көзқарастармен танысу;
- әр түрлі жолдардан қажетті ақпаратты жинау және талдау, болжамдарды алға жылжыту, түйіндер мен қорытындылар жасау сияқты білім алушылардың зерттеу біліктілігінің жетілуінің маңыздылығы.

Сонымен, жобалық әдістеменің мәні мынада: сабақтың мақсаты және оған қол жеткізудің әдістері білім алушылардың қызығушылықтарының, жеке ерекшеліктерінің, қажеттіліктерінің, дәлелдерінің, қабілеттіліктерінің негізінде анықталуы қажет. Осы себептен жобалық әдістеменің негізінде жатқан жеке бағытталған білім алу оқытушы-оқушы, субъект-объект қарым-қатынасының дәстүрлі жүйесінің субъект-субъект теңсеріктес оқу ынтымақтастығы жүйесіне өзгеруін көздейді.

Жүйелік технология білім алушының өз оқу-танымдық іс-әрекетін осы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарқындалуға, оның танымдық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл білім алушының шығармашылық дамуына жағдай жасайды, оқу іс-әрекетінің нағыз нәтижелі тұсын және білім беру үрдісінің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Бұл технология оқу үрдісі кезіндегі топтағы білім алушылардың қарым-қатынас идеясына және тек қана жеке емес оқу тапсырмаларын шешу үшін коллективті жауапкершілікті мойнына алатын өзара білім алу (*cooperative learning*) идеясына негізделген бір-біріне көмектесуді бастайды, әрбіреуінің табысқа жетуіне жауапты болады.

Оқу іс-әрекетінің ұжымдық субъектісінің жобалық технологияны қолдану үрдісіндегі көкейкестілік білім алушының оқу тобында қарым-қатынас жасай алатын және жеке басына әрі оқу тобына жауапты бола алатын дербес, әлеуметтік-белсенді тұлға сияқты қажетті сапаларының дамуына жағдай жасайды, ал бұл өз кезегінде тұлғаның әлеуметтенуі үшін, білім алушының іскерлік белсенділігінің дамуы үшін жағдай жасайды.

Жобалық әдістер, бір жағынан, оқудың жолдарын, түрлі әдістердің қолданылуын, басқа жағынан, ғылыми, техникалық, технологиялық, шығармашылық салалар бойынша білімінің бірігуін қарастыратын қандай да бір мәселені шешуді көздейді. Орындалатын жобалардың қорытындылары «айтарлықтай» болуы керек, яғни, егер бұл теоретикалық мәселе болса, онда оның нақты шешімі, ал егер тәжірибелік болса — онда нақты қорытынды енгізілуге дайын болуы керек.

Шетел тілін оқытуда жобалар әдісі оқу іс-әрекетінің күрделі түрі болып саналады, ол белгілі конструктивті-тәжірибелік, ақпараттық, зерттеу және басқа да мәселелер мен шығармашылық тапсырмаларды шешу мақсатында шетел сөйлеу қатынасының әр түрлі түрлерін біріктіреді.

Осы тұрғыда, бір жағынан, оқытылып отырған шетел тілі білім алушының білім алу, ақпараттық, конструктивті-шығармашылық іс-әрекетінің жолдары ретінде роль атқарса, екінші жағынан, жобаны жасау үрдісінде және бір мезгілде оқытылып отырған тілдің тікелей қолданылуындағы әр түрлі аспектілерде меңгерілуі жүзеге асады.

Шетел тілін оқыту өрісіндегі жобалық технология білім беру немесе әлеуметтік мәдени іс-әрекеттің түпнұсқаға бара бар жағдайындағы жеке білім беру нәтижесінің білім алушымен жасалуына негізделген және соған бағытталған. Осыған орай жобалық жұмыс білім алушыны шетел тілін шынайы қолдану жағдайына әкеледі, шетел тілін оқып-үйренудің мақсаттары мен мүмкіншіліктерін ұғынуына жағдай жасайды және продуктивті шығармашылық іс-әрекет барысында шетел тілін меңгеру үрдісін қосып алады.

Жобалық іс-әрекеттің соңғы нәтижесінің сипаты бойынша шетел тілін оқу аясында келесі жоба түрлерін көрсетуге болады:

1. Конструктивті-шығармашылық жобалар — Construction and Practical Projects, мысалға, коллаж, күнделікті бақылау, «Ойлап тапқан ойындар» және оның суреттелуі.

2. Ойын-рольдік жобалар — Roles and Games projects, мысалға, ойындардың ойналуы, өз пьесасын жазу және қою.

3. Ақпараттық және зерттеу жобалар — Information and Research Project, мысалға «Ағылшын тілі және оның қолданылуы халықаралық қатынас тілі ретінде», «Аймақтың немесе қандай да бір елдің оқытылуы».

4. Әлеуметтік зерттеудің нақты жобалары — Survey projects, мысалға, «Америка және Британия мәдениетінің менің елімдегі өмір көрінісіне әсері», «Шетел азаматтарының менің еліме деген қатынасы», «Менің елімде, менің қаламда ағылшын тілінің қолданылуы», «Тәуекел топтары».

5. Баспа жобалары — Production Projects, мысалға, «Менің сыныбымның портреті», «Радиобағдарлама», «Мектеп қабырға газеті».

6. Көрініс жобалар — Performance and Organizational projects, мысалға, «Кездесу клубының ұйымдастырылуы», «Ағылшын тілінің және мәдениеттің кеші», «Ток-шоу».

7. Шығармашылық жұмыстар — Creative works, мысалға, еркін әдеби шығарма (ертегі, әңгіме, комикс және т.б.), шығарманың туған тілге әдеби аудармасы.

Жоғарыда көрсетілгендей, шетел тілі бойынша жобалық жұмыс білім алушылардың жоба іс-әрекетінің оқу-ғылыми үрдісіндегі жарысына емес, өзара қатынасқа, ынтымақтастыққа, өзара көмекке негізделген. Барлық оқу тобының өзара іс-әрекеті, кеңесшілігі және өзара жауапкершілігі жобалық оқу іс-әрекетінің қатысушыларының субъектілік қатынастарының негізі болып саналады. Субъектілік қатынастардың жүйесінде жобалық технологияларды қолдануда оқытушының ролі өзгереді. Оқытушы жобалық-ғылыми ұжымның мүшелерінің бірі болып, аз топта идеялардың, ақпараттың, кеңесшінің көзі ретінде әр түрлі әлеуметтік рольдерді қабылдайды. Ол да басқа жобалық топтардың мүшелері сияқты өзара іс-әрекет, ынтымақтастық, өзара көмек жүйесіне енеді және оқу-жобалық іс-әрекеті үшін жалпы жауапкершілікке ие болады.

Шетел тілі аясында міндетті шарт болып, оқу-жобалық іс-әрекетінің жылжымалы күші болып белгілі соңғы нәтиже жетістігіне бағытталған мәселелік-ізденістік, ғылыми тапсырмаларының бекітілуі жатады. Бұл нәтиженің сипаты жобалық жұмыстың түрін де білдіреді (ақпараттық-ғылыми, нақты-тәжірибелік, ойын, баспалық, шығармашылық-көріністік немесе аралас). Оқу-жобалық іс-әрекеттің мәселелік, ізденістік, ғылыми, шығармашылық сипаты білім алушылардың ғылыми-ізденістік іс-әрекеті жүйесін меңгеруіне, білім алушының шығармашылық потенциалының ашылуы мен жүзеге асуына, оның шығармашылығының дамуына, сонымен қоса шетел тілін биресми түрде (ресми-құрылымдық іс-әрекетімен салыстырғанда) меңгеруге жағдай жасайды.

Шетел тілі бойынша жобалық жұмыстың мазмұны білім алушының жеке мағыналы, танымдық ынтасына бағытталған және пікірталас барысында білім алушылардың өзімен және жобалық топтың барлық қатысушыларының шынайы қажеттіліктері мен қызығушылықтарын есепке алумен анықталады.

Жеке мағыналы мотивацияға арналған бағыт, жоғарыда аталғандай, тұлғаның өздігінен жүзеге асуына жағдай жасайды, «Мен-концепциялары» тұлғаның қоршаған әлемдегі өз орнын түсінуін, өз мүмкіншіліктерін дұрыс бағалау қабілеттілігін және қойылған мақсаттардың орындалуының мүмкіндігін болжау шеберлігін, оларға қол жеткізудің дұрыс жолдарын таңдауды қамтамасыз етеді.

Шетел тілі бойынша жобалық жұмыс шетел тілін шынайы мәдениаралық қатынас жағдайларында әр түрлі ақпараттық-танымдық, оқу-кәсіби, әлеуметтік-кәсіби мақсаттармен қолдануға жағдай жасайды және осы орайда қарым-қатынас шеберлігінің қалыптасуы деңгейін және білім алушының түпнұсқалық қарым-қатынас тапсырмаларын шешу дайындығын жүзеге асырады және ресми мақұлдайды.

Шетел тілі бойынша жобалық жұмыс оқытылып отырған тіл мен мәдениетті меңгерудің оқу бағдарламасының пәндік мазмұнына тікелей «байланған» емес. Шетел тілі бойынша жобалық жұмыстың түбегейлі бағыты — бұл оқытылатын тілдің қолданылуымен болатын конструктивті оқу-ғылыми жобалық іс-әрекет. Осымен қоса, жобалық технология бағдарламалық материалды меңгерудегі жобалық тапсырмамен шартталатын тікелей жағдайды туғызады. Шетел тілі бойынша жобалық жұмысты орындау үрдісінде білім алушының оқытылатын тіл мен мәдениеттің белгілі аспектілерін — белгілі тілдік жолдарын, қарым-қатынас шеберлігін, лингвомәдени мәліметтерін, ауызша және жазбаша сөйлеу қатынасының стратегияларын еркін меңгеруінің табиғи шарттары пайда болады. Оқу жобасының соңғы нәтижесін жасау жобаның тапсырмаларын орындау мақсатында тілді және мәдениетті меңгерудің барлық аспектілерін қамтуды талап етеді.

Оқу-ғылыми іс-әрекетінде білім алушының дербестігі мен шығармашылығының дамуы үшін жобалық технология ерекше тиімді.

Шығармашылық үрдісі — бұл жағдайға қатысты тұлғаның ерекше жеке сапаларын жүзеге асыру қорытындысы ретінде сапалы жаңа іс-әрекеттің нәтижесін жасау. Тұлғаның қажетті біліміне, ақпараттылығына, интеллектуалды потенциалдығына қосымша ретінде шығармашылдық, бір жағынан, шығармашылық ойлауда және белгілі шығармашылық когнитивтік үрдістерде, екінші жағынан, іс-әрекетке байланысты белгілі қарым-қатынастарда көрінеді.

Шығармашылық, жобалық жұмыстарды орындау үрдісінде, сонымен қатар оқу-ғылыми іс-әрекетінің субъектілерінің шығармашылығын сипаттайтын іскерлік ынтымақтастыққа қажеттіліктер: дербес жауапты шешімдерді қабылдау қабілеттілігі, тәжірибелік ептілікке қатысты ашықтық, жанашырлыққа деген қабілеттілік, мәселелік жағдай мен мәселені шешуге деген қызығушылық, жалпы әуестік, жаңа ақпаратқа зеректік, қандайда бір нәрсені көру қабілеттілігі, жаңа идеяларға деген бостандық пен ашықтық, идеяларды құрастыруға деген қабілеттілік, жағдайға позитивті, оптимистік көзқарас, рефлексивті өзін-өзі бағалау қабілеттілігі.

Жобалық технология оқу іс-әрекетінің барлық субъектілерінің ынтымақтастығы болған жағдайда нәтижелі болады. Жобалық-ғылыми және жобалық-шығармашылық тапсырмаларды шешу үрдісіндегі өзара іс-әрекет пен ынтымақтастыққа қабілеттілік-жобалық жұмыстың бағасының бастапқы көрсеткіші.

Жобалық технологияның негізі — нақты, белгілі нәтижеге арналған бағыт болып саналатын жобалық іс-әрекеттің соңғы нәтижесі.

Жоғарыда көрсетілгендей, оқылатын тіл мен мәдениетті меңгеру үрдісі жобалық тапсырмаларды шешу барысында болады және білім алушылардың жобалық-ғылыми және жобалық-шығармашылық іс-әрекетінің тікелей шарты және жолы болып саналады. Жобалық жұмыс түпнұсқалы әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттің үрдісіндегі оқытылатын тілдің шынайы қолданылуына бағытталған. Бұл тілді меңгерудің тәжірибелік міндеттерінің маңыздылығын кемітпейді, ал, керісінше, олардың маңыздылығын ашып көрсетеді, жобалық міндеттерді нәтижелі орындау шетел тілінде тілдесу іскерлігінің ауызша және жазбаша түрлерінің тілдік дағдыларынсыз және қарым-қатынастық ептіліксіз мүмкін емес.

Жобалық технологияның артықшылығы мен жағымды жағы — шетел тілін оқудың кез келген кезеңінде ғылыми, ізденіс тапсырмаларына арналған тақырыптың таңдалуы мен нақты мәселелердің шектелмегенінде, өйткені оқытушы білім алушылармен бірігіп, олар үшін тұлғалық маңызы бар сұрақты бейнелейтін бағдарламалық тақырып аясында әрқашан аспектілер таба алады және осы арқылы білім алушының жобалық іс-әрекетке кең ауқымды тұлғалық еліктірілгендігін қамтамасыз етеді.

Жобалық жұмыс кез келген оқу-әдістемелік комплекспен және басқа оқу амалдарымен сай келеді. Жобалық ғылыми жұмыс шетел тілін игеру мен қолданудың нақты нәтижесі ретінде қарастырылады және осы мағынада білім алушылардың дайындығының деңгейінің белгілі көрсеткішін білдіреді. Бұл оқу мазмұнының қосымша «шығармашылық» компоненті ретінде жобалық тапсырмаларды шетел тілдері бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларына енгізудің мүмкіндігін туғызады.

Қорытындылай айтқанда, оқудың жаңа түрін білдіретін өзара іс-әрекет оқуына ерекше мән берген абзал. Жобалық-ғылыми іс-әрекет барысында оқытушының көп жауапкершілігі басқарушы қызмет пен білім алушылардың теңсеріктестік іс-әрекеті және ынтымақтастығының үйлестігінде, сонымен қатар оқу тобындағы білім алушылардың өзара іс-әрекеті мен ынтымақтастығының ұйымдастырылуының қызметінде. Бұл қызметтегі оқытушы жұмысының міндеттері мен

қиыншылығы — білім алушылардың еркіндігі мен шешім қабылдаудағы жауапкершілігі үшін шынайы жағдайлар қамтамасыз ету. Демек, бұл жағдайдағы оқытушы ролі — білім алушылардың тілдік сөйлеу ғылыми іс-әрекетін жүзеге асыруында, сонымен қатар олардың шешімдердің оңтайлы нұсқаларын таңдауына демеу болғандығында.

Сонымен, барлық жоғарыда көрсетілгендер білім алушылардың жаңа ұрпақ тұлғасының еркіндігі мен шығармашылығын белсенді қылатын педагогикалық технология ретінде жобалар әдісінің болашағын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы: «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» // www.akorda.kz
- 2 Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым саласындағы жұмыскерлердің 3-ші Съезіндегі жолдауы // Казахстанская правда. — 2004. — 14 қазан.
- 3 *Schlechty Philip*. Schools for the 21st Century. Leadership Imperatives for Educational. — Reform. — San Francisco, 1990. — P. 21.
- 4 Полат Е.С. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар. — М.: Академа, 2010. — 8, 9-б.
- 5 Петровский А.В. Психологиядағы тұлға. — Ростов н/Д.: Феникс, 1996. — 116-б.
- 6 Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Адам психологиясы. — М.: Мектеп-Баспа, 1995. — 95-б.

У.И.Копжасарова, В.А.Оспанова

Развитие креативности студентов на основе метода проектов в обучении иностранным языкам

В статье рассмотрена проблема интеллектуального творческого развития студентов. Показана их способность гибко адаптироваться к меняющимся условиям жизни и умение критически мыслить посредством использования метода проектов в учебном процессе по иностранному языку. Авторами дан всесторонний анализ сущности проектной технологии в общем и особенности её использования в области изучения иностранных языков в частности.

U.I.Kopzhasarova, V.A.Ospanova

Development of students' creativity on the base of methods of projects in foreign languages teaching process

The article deals with the problem of intellectual and creative development of students, their ability to adapt flexibly to living conditions changes, their skills to think critically by means of project technology use in foreign languages teaching process. All-round analysis of essence of project technology and its peculiarities in the field of foreign languages mastery is done in the work.